

<p><b>АЛЕМ &amp; QAZAQSTAN</b></p> <p>ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ – ЖАУАПКЕРШІЛІК</p> <p>4-бет</p>	<p><b>ЭКОНОМИКА</b></p> <p>ҚОЙДЫ КОМПЬЮТЕРМЕН БАҒАДЫ</p> <p>6-бет</p>	<p><b>РҰХАНИАТ</b></p> <p>«ТАРИХЫМЫЗ ҮШІН ТАБЫЛҒАН ӘР ҚҰЖАТ АЛТЫНМЕН ПАРА-ПАР»</p> <p>9-бет</p>	<p><b>SPORT</b></p> <p>ҚЛП-2019: БИЫЛҒЫ БІРІНШІЛІК НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?</p> <p>11-бет</p>
--	---	---	--

## Қазақстан-Швейцария: Іскерлік қарым-қатынас ілгерілей береді



Швейцария – Қазақстанның Еуропадағы ең маңызды әріптестерінің бірі. Осынау екі елдің өзара ынтимақтастығына «Ақорда» резиденциясында өткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Швейцария Президенті Ули Маурер бастаған екіжақты келіссөздер оң ықпалын тигізді.

**Орынбек ӨТЕМҰРАТ,**  
«Egemen Qazaqstan»

### Еуропадағы өте маңызды әріптес

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Президенті Ули Маурердің біздің елге жасаған

бұл сапары екі ел арасындағы қалыптасқан қарым-қатынасты одан әрі ілгерілететінін алға тартты. Екіжақты келіссөздердің алдында «Ақорда» резиденциясында Швейцария Президентін салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалғаннан кейін Құрметті қарауыл

ротасының бастығы рапорт берді. Мемлекеттер басшылары Құрметті қарауылды аралап өтіп, шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін резиденцияның «Шығыс залына» барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцарияның Қазақстанның Еуропадағы ең маңызды әріптестерінің бірі санайтынын, мемлекеттер арасында барлық сала бойынша, әсіресе экономика бағытында тату ынтымақтастық орнағанын айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Швейцария Қазақстан экономикасындағы

маңызды инвесторлардың және негізгі сауда серіктестерінің бірі екенін айтып, Президентпен бірге бизнес-делегация өкілдігінің де келуі осы сапардың маңызын арттыра түсетініне мән берді.

Ал Ули Маурер Қасым-Жомарт Тоқаевқа меймандостық көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, Қазақстанды өз елінің аса маңызды серіктесі ретінде қарастыратынын жеткізді.

– Біз саяси қолдау көрсеткендеріңіз үшін шын жүректен ризашылық білдіреміз. Біздің мақсат-мұраттарымыз ортақ. Ал экономикалық

байланыстарымызға келер болсақ, соңғы жылдары бұл саланың даму қарқыны артып келеді. Біздің өзара сапар алмасуымыз қарым-қатынастарымызды одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп ойлаймын, – деді Швейцария Президенті.

Бұдан кейін екі ел Президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Бұл басқосу кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Швейцарияның екіжақты байланыстарының мәні зор екенін айтты.

(Соңы 2-бетте)



## Әскери оқу-жаттығу барысымен танысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қорғаныс министрлігінде мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті.

Мемлекет басшысына оқу-жаттығулардың негізгі міндеттері мен кезеңдері туралы

мәлімет берілді. Аталған оқу-жаттығулары қазіргі сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының қорғаныс жүйесі мен әскери қауіпсіздігін сақтау мақсатында ведомствоаралық іс-қимылдарды нығайтуға бағытталған.

Оқу-жаттығу барысында елімізге төнетін сыртқы қатерлерді болдырмау үшін әскери және әскери емес сипаттағы

мемлекеттік шараларды жүзеге асыру мәселелері пысықталды.

Мемлекет басшысы әскери қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру, сондай-ақ қорғаныс жүйесі алдындағы міндеттерді шешу үшін мемлекеттік органдарды дайындау шараларын жолға қою жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Оқу-жаттығу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өздерінің әскери борыштарын атқару кезінде қаза тапқан Қазақстан армиясының сарбаздары мен офицерлерінің рухына тағзым етті.

## Ынтымақтастықты жалғастыру маңызды



Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мен Швейцария арасында экономиканың түрлі салаларында жақсы қарым-қатынас қалыптасқанын атап өтті, деп хабарлады Тұңғыш Президент – Елбасының баспасөз қызметі.

– Қазақстанға қош келдіңіз. Сіздердің елдеріңізге бірнеше рет бардым. Швейцария – Қазақстанның ірі және маңызды сауда серіктестерінің бірі. Біздің елімізді әрқашан қолдап келесіздер. Осы

ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға жөн. Бізде швейцариялық бизнесті қызықтыратын жобалар көп, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті. Өз кезегінде Ули Маурер

Нұрсұлтан Назарбаевқа кездесу үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанға жасап жатқан ресми сапарынан алған әсерімен бөлісті.

– Біздің елдеріміздің қарым-қатынасы өте жақсы. Бүгін таңертең мазмұнды әрі жемісті кездесулер өткіздім. Қазақстанмен бірлесіп отырып дамытатын көптеген жобаларды талқыладық, – деді Швейцария Президенті.

## Жантүршігерлік жағдай жауапсыздық салдарынан болған



Соңғы уақытта қоғам назарын аударған, халықтың ашу-ызасын тудырған Тараз қаласындағы келенсіз оқиғаға қатысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жедел үн қатты.

Президенттің сөзіне қарағанда, қала әкімі өз қызметі барысында жүйелі қателіктер жіберген. Сонымен қатар Қ.Тоқаев Жамбыл облысының әкіміне де ескерту жасады.

«Жамбыл облысының әкіміне Тараздағы 12 жастағы мектеп оқушысы зардап шеккен оқыс

оқиғаға байланысты және жұмысында жүйелі кемшіліктер жібергені үшін Тараз қаласының әкімін қызметінен босатуды тапсырдым. Облыс әкіміне ескерту жасадым, деп жазды Қазақстан Президенті өзінің Twitter-дегі парақшасында.

(Соңы 2-бетте)

### АЛАНДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

## Заңсыз тасымал тыйылмай тұр

1984 жылы Қостанайда жаңа автовокзал пайдалануға берілді. 35 жылдан бері автовокзалдың сәні кеткен жоқ. Жолашушылар үшін қазір мұнда интернет желісі де бар, автовокзалдың сайты да жұмыс істейді, үйде отырып кез келген бағыттағы автобустарға билет алуға болады.

**Нәзира ЖӘРІМБЕТ,**  
«Egemen Qazaqstan»

### Автовокзал жер телімін қайтара алмай отыр

Жасыратыны жоқ, бұл хан сарайындай автовокзал кейбір қалалардағы темір жол вокзалы түгіл, әуежайлардың өзімен

бәсекеге бәс тигуге бар. Автовокзал ашылған жылдары Қостанай облысының барлық елді мекеніне автобус қатынайтын. Бір сағатта 800 жолашушыға қызмет көрсетілетін. Тәулігіне 10 мың адам автовокзал арқылы қалаға келіп, кететін. Алайда, 90-жылдарғы жоспарлы экономиканың нарыққа ауысар кезінде осы керемет ғимаратқа да қауіп

төнді. Әсіресе, жекешелендіру деген желеумен талан-тараж басталғанда түйені түгімен жұтқандар автовокзалға да көз сұғын қадаған. Жолашушылар автобусының саны құлдырап, автовокзал күтімсіз қалғанда оны қолға алған кәсіпкер Ботагөз Бопатаева бүгінге дейін әділетсіздікпен алысып келеді. Көлік және коммуникация министрлігінің Ұлттық стандарт бойынша автовокзалдарға қойған талаптары 33 тармақтан тұрады. Автовокзал жанындағы алаңның болуы сол талаптардың ортасынан ойып орын алады.

(Соңы 7-бетте)



# Қазақстан-Швейцария: Іскерлік қарым-қатынас ілгерілей береді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Сіздің сапарыңыз мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамытуда зор маңызға ие болатынына сенімдімін. Бұл ынтымақтастық кең қанат жайып, өркендеп келеді, сондай-ақ экономикалық және саяси салалардағы өзара тиімді байланыстардың қарқынын арттыру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев маңызды үлес қосты, серіктестіктің бұл дәстүрлі негізі жалғаса береді. Біз бүгін халықаралық ықпалдастықтың маңызды мәселелерін талқыладық, халықаралық күн тәртібіндегі негізгі проблемалар жөніндегі мемлекеттеріміздің ұстанымы ортақ екеніне көз жеткіздік. Швейцарияны маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Сондықтан осы ынтымақтастығымыздың даму қарқынын сақтауымыз қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Ули Маурер өңірдегі экономикалық және саяси байланыстарды дамыту ісіндегі Қазақстанның негізгі рөліне назар аударды.

– Қазақстан біз үшін саяси әрі экономикалық тұрғыдан Азия мен Еуропа арасын жалғастырушы көпір саналады. Сіздердің елдеріңіздің әлемдегі және халықаралық қоғамдастықтағы рөлі артып келеді. Біз Азия мен Еуропа арасындағы қарым-қатынастарды шынайы, ашық және тікелей талқылай алатын, сондай-ақ құрлықтар арасындағы өзара ықпалдастықты қамтамасыз етуге, экономикалық қатынастарды нығайтуға бірлесіп үлес қосатын Қазақстан сияқты серіктесіміздің бар екеніне қуаныштымыз, – деді Швейцария Президенті.

Келіссөздер барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру, түрлі салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру, қаржылық қызмет көрсету секторындағы өзара ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев серіктестік қатынастарды одан әрі дамытуға және екі ел арасындағы өзара іс-қимылдардың мүмкіндігін арттыруға Ули Маурер сапары оң ықпал ететінін айтты.

## Қазақстан экономикасында үшінші инвестор

Қазақстан мен Швейцария мемлекеттерінің басшылары шағын және кеңейтілген құрамда өткен келіссөздердің қорытындысы бойынша Ақордада бұқаралық ақпарат құралдарына арналған бірлескен брифинг өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Швейцария Президентінің екі ел арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалап, Ули Маурермен жүргізген келіссөздер өзара сенім әрі түсіністік рухында өткенін айтты.

– Ең алдымен, Швейцария Конфедерациясының Президенті Ули Маурерге Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін



Суреттер Президенттің бастасыз қызметінен алынды

шынайы ризашылығымызды білдіремін. Маурер мырза бұған дейін біздің елімізге Қаржы министрі кезінде бірнеше рет келген еді. Енді Президент ретінде алғаш рет келіп отыр. Біз Ули Маурер мырзаның Қазақстан мен Швейцария арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Бүгін Швейцария басшысымен кең ауқымды әрі мазмұнды келіссөздер жүргіздік. Біз Қазақстан мен Швейцарияның мол мүмкіндіктерін пайдаланып, серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Бүгінгі жүздесу – соның айқын дәлелі. Өзара ынтымақтастықты дамыту достас халықтарымыздың ұзақ мерзімді максаттарына сай келеді деп сенемін. Қазіргі таңда екі елдің жоғары деңгейдегі байланыстары табысты дамып келе жатыр. Бұл орайда Ули Маурермен ойымыз бір жерден шықты. Сонымен қатар кездесу кезінде алдағы бірлескен жұмыстардың негізгі бағыттарын айқындадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Швейцарияны Қазақстанның саяси тұрғыдан Еуропадағы маңызды серіктесі ретінде қарастыратынын мәлімдеді.

– Екі елдің өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі, соның ішінде Сириядағы қақтығысты реттеу мәселесіндегі ұстанымдары ортақ. Қазақстан Сирия ісі бойынша Астана процесін өткізуге арналған алаң ұсынады және ол Женева процесін толықтырады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Швейцария арасындағы әріптестікте экономика саласы негізгі рөл атқаратынын атап өтті.

– Бүгінде Швейцария Конфедерациясы біздің экономикамызға қаржы құю мөлшері бойынша үшінші инвестор саналады және Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің алғашқы ондығына кіреді. Соңғы 15 жылда швейцариялық инвестиция көлемі 24 миллиард доллардан асып жығылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өзара тауар айналымы 3 миллиард доллардан асты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент келіссөздер барысында тараптардың шикізаттық емес тауарлардың компонентін және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту үшін тауар айналымының құрылымын әртараптандыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру қажеттігіне назар аударғанын айтты.

– Бізге жаңа жоғары технологиялық «зәкірлі жобалар» қажет. Атап айтқанда, Қазақстанда инновациялық өндірістер құруға, жоғары технологиялар, энергетика, ауыл шаруашылығы, медицина және фармацевтика саласындағы жобаларды іске асыруға үлкен сұраныс бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы машина жасау, химия, тамақ өнеркәсібі, көлік және логистика, туризм және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірқатар бірлескен жобалардың келешегі мол екенін атап өтті.

Бұған қоса Швейцарияның әлемдегі маңызды қаржы орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін ескере отырып, екі елдің көшбасшылары «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен Швейцарияның қаржы секторы арасындағы өзара іс-қимылдар перспективасының бар екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев іргелес нарықтарға өнім экспорттау үшін Қазақстанда бірлескен өндірістер ашуға қатысты жобалар бойынша қызығушылық білдірген швейцариялық инвесторларға жан-жақты көмек көрсетуге әзір екенін айтты.

– Швейцария Президентінің Нұр-Сұлтанға бизнес-делегация өкілдігімен бірге келгені көптеген бағыт бойынша ынтымақтастықты егжей-тегжейлі талқылауға жақсы мүмкіндік береді. Біз швейцариялық компаниялардың маңызды ұсыныстарын мұқият тыңдадық. Бұл ұсыныстар бойынша қазақстандық әріптестеріңіз жан-жақты талдау жасайды. Маурер мырзамен біздің тарапымыздан олардың одан әрі Қазақстанда табысты жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалатындығы туралы келістік, – деді Қазақстан Президенті.

## Бизнеске қолайлы жағдай жасалған

Швейцария Президенті Ули Маурер екі ел арасындағы қатынастардың, оның ішінде саяси және сауда-экономикалық бағыттары қарқынды дамып келе жатқанын жеткізді.

– Алдымен, әңгіме ауаны халықаралық ынтымақтастық туралы болып отыр. Швейцария саяси мағынада бейтарап ел екенін білесіздер. Көптеген халықаралық ұйым Швейцарияда жұмыс істейді. Біз гуманитарлық ынтымақтастықты дамытып жатырмыз. Осы тұрғыда Қазақстанмен қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Өйткені Қазақстан маңызды геосаяси жағдайда, Азия мен Еуропа арасында орналасқан, – деді Ули Маурер.

Ол Қазақстанның маңызды геостратегиялық орналасу жағдайына назар аударып, «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асыруда еліміздің рөліне тоқталды. Оның пікірінше, Қазақстан алдағы уақытта Азия мен Еуропаны жалғастырып тұратын көпір болып қала бермек.

– Біз өзара жұмыстарымызды халықаралық деңгейде дамытып, бір-бірімізге қуатты қолдау көрсетеміз. Біз бір-бірімізді толықтырып тұрамыз, ұқсас құндылықтарға негізделген ортақ ұстанымдарды алға қоямыз. Мен тәуелсіздікке ие мемлекеттер түрлі әлемдік оқиғаларда маңызды рөл атқаруы тиіс деп санаймын. Осы бағытта Қазақстанға табыс тілеймін, – деді Швейцария Президенті.

Ули Маурер қазіргі таңда Қазақстанда швейцариялық капиталдың қатысуымен 240-тан аса компания және 70-ке жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтінін айтып, Швейцария бизнесі үшін осы елде қолайлы жағдай жасалғанына мән берді.

Швейцария Президенті экономика саласынан бөлек, технология, қызмет көрсету және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтарды нығайтуды ұсынды.

– Қазақстан Швейцарияға қарағанда жас, қарқынды өсіп келе жатқан халқымен ерекшеленеді. Біздің елде халықтың қартаюу процесі жүріп жатыр. Мен мұны екі елдің ынтымақтастығында маңызды деп ойлаймын. Егер біз бір-бірімізбен жақсы түсінісіп, ой-пікір алмасатын болсақ, бұл экономикалық байланысымызға септігін тигізеді. Біз Нұр-Сұлтан мен Цюрих арасында тікелей әуе қатынасын ашуымыз керек. Бұл екі ел халқының бірін-бірі танып, жақындай түсуіне жол ашады. Біздің ынтымақтастығымыздың негізгі мәні де осы, – деді Ули Маурер.